

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қазандағы № 1326 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Жоба

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С. Ахметов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., №

6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 17, 136-құжат; № 19, 145-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11, 13, 14, 16-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 26, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84, 85-құжаттар; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 93, 94-құжаттар; № 15, 97-құжат):

1) 221-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«221-бап. Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі ережелерді бұзу

Өнеркәсіп, тау-кен және құрылыс жұмыстары салаларындағы не азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның және басқа да мемлекеттік қадағалау органдарының бақылауындағы объектілерде жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөнінде белгіленген қағидаларды бұзу, егер бұл адам денсаулығына абайсызда ауыр және орташа ауырлықта зиян келтіруге әкеп соқпаса,

жеке тұлғаларға - онға дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

2) мынадай мазмұндағы 221-1-баппен толықтырылсын:

«221-1-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында аттестатталатын жұмыс түрлерін жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу

1. Сараптама объектісінің, қауіпсіздік декларациясының өнеркәсіптік қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы толық емес және/немесе дұрыс емес ақпаратты қамтитын өнеркәсіптік қауіпсіздік және жарылыс жұмыстары саласында сараптама жүргізу нәтижелері бойынша қорытындылар беру, өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын әзірлеу; қауіпті өндірістік объектілердің қызметкерлерін оқытудың азаматтық қорғау саласындағы заңнама талаптарына сәйкес келмеуі,

аттестатталған ұйымға айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік), сондай-ақ аттестатта

көрсетілген орындалатын жұмыстарбейінінің сәйкес келмеуі, -
аттестатынан айыра отырып, аттестатталған ұйымға айлық есептік көрсеткіштің бір
жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

3) 312-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«312-бап. Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу немесе орындамау

1. Ұйымдарда, қоғамдық орындарда, қойма үй-жайларын, жатақханаларда және
тұрғын үйлерде өрт қауіпсіздігі қағидаларында, техникалық регламенттерде, құрылыс
нормаларындан және ғимараттар мен құрылыстарды жобалау, салу кезіндегі
қағидаларда, мемлекеттік стандарттарды көзделген өртке қарсы талаптарды, сондай-ақ
өрт техникасын, өртке қарсы құрал-саймандарды, жабдықтарды, өртті табу мен
өшірудің автоматты құралдарын, өртке қарсы автоматиканы пайдалану мен күтіп-ұстау
ережелерін бұзу немесе орындамау -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - үшке дейінгі, лауазымды адамдарға, дара
кәсіпкерлерге, шағын, орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес
ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма беске дейінгі, ірі кәсіпкерлік
субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуге дейінгі айлық есептік көрсеткіш
мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

4) 313-бап редакцияда жазылсын:

«313-бап. Өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап бермейтін
өнімдерді шығару және өткізу

Техникалық регламенттердің талаптарын қоспағанда, жарылыс және өрт
қауіпсіздігі жөніндегі талаптарға сай келмейтін өнімдерді шығару және өткізу не
азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органының ұйымның, өндірістік учаскенің,
агрегаттың жұмысын тоқтата тұру немесе тыйым салу туралы қаулысын орындамау,
егер олар денсаулыққа зиян немесе ірі материалдық залал келтірмесе -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік
субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға -
айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік
субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде
айыппұл салуға әкеп соғады.»;

5) мынадай мазмұндағы 354-4-баппен толықтырылсын:

«354-4-бап. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық
құндылықтарының сапалық және сандық жай-күйі
туралы есепті табыс етпеу

1. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының сапалық
және сандық жай-күйі туралы есепті табыс етпеу немесе тиісті дәрежеде табыс етпеу -
мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау
пункттерінің лауазымды адамдарына - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге
дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға

ә к е п

с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер - мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттерінің лауазымды адамдарына - айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға

ә к е п

с о ғ а д ы . » ;

б) 355-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«355-бап. Прокуратура, ішкі істер (полиция), ұлттық қауіпсіздік органдарының, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің, қаржы және әскери полициясының, кеден органының, шекара қызметінің, азаматтық қорғау саласындағы орган қызметкерінің нұсқауларын орындамау немесе заңды өкіміне немесе талабына қасақана

б а ғ ы н б а у

1. Прокуратура, ішкі істер (полиция), ұлттық қауіпсіздік органдарының, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің, қаржы және әскери полицияның, кеден органының, шекара қызметінің, азаматтық қорғау саласындағы орган қызметкерлерінің нұсқауларын және басқа заңды талаптарын орындамау - лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл

с а л у ғ а

ә к е п

с о ғ а д ы .

2. Прокуратура, ішкі істер (полиция), ұлттық қауіпсіздік, қаржы және әскери полиция органдарының, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің, кеден органының, шекара қызметінің, азаматтық қорғау саласындағы орган қызметкерінің өзінің қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде заңды өкіміне немесе талабына қасақана бағынбау, сол сияқты оларға тіл тигізу не зорлық іс-әрекет жасау

қ а т е р і н

т ө н д і р у

айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.»;

7) 544 - б а п а л ы п т а с т а л с ы н ;

8) мынадай мазмұндағы 544-1-баппен толықтырылсын:
«544-1-бап. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган

1. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган: осы Кодекстің 231 (бірінші бөлігінде), 249, 277, 284, 312, 313, 334 (бірінші және екінші бөліктерінде), 460-баптарында көзделген өрт қауіпсіздігі саласындағы; 89, 175 (екінші бөлігінде) (қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен

байланысты объектілер иелері жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 220, 221, 221-1, 270, 271, 272 (техникалық қауіпсіздік бөлігінде), 357-2-баптарында (екінші бөлігінде) көзделген өнеркәсіптік қауіпсіздігі саласындағы; 504-бабында көзделген Азаматтық қорғаныс саласындағы; 354-4-бабында көзделген мемлекеттік материалдық резерв саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның атынан өрт қауіпсіздігі саласындағы бұзушылықтар бойынша істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға:

1) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның қалалық, аудандық аумақтық органының басшысы – жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі, лауазымды адамдарға онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті аумақтық органның басшысы және оның орынбасарлары – жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі, лауазымды адамдарға – жиырма беске дейінгі, заңды тұлғаларға жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

3) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның және ведомствоның басшылары және олардың орынбасарлары – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі, лауазымды адамдарға – төрт жүзге дейінгі, заңды тұлғаларға екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.

3. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның атынан өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бұзушылықтар бойынша істерді қарауға және әкімшілік жаза қ о л д а н у ғ а :

1) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның және оның аумақтық органдарының мемлекеттік инспекторлары – жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі, лауазымды адамдарға – жиырма беске дейінгі мөлшерінде а й ы п п ұ л с а л у ғ а ;

2) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органының басшысы және оның орынбасарлары – жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі, лауазымды адамдарға елуге дейінгі, заңды тұлғаларға жүз елуге дейінгі м ө л ш е р і н д е а й ы п п ұ л с а л у ғ а ;

3) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган басқармаларының, бөлімдерінің басшысы, бастықтары және олардың орынбасарлары, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының басшысы және оның орынбасарлары – жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі, лауазымды адамдарға жүзге дейінгі, заңды тұлғаларға бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.

4. Азаматтық қорғаныс саласындағы нормативтік құқықтық актілерді орындамауға байланысты әкімшілік құқық бұзушылық істерді қарауға және әкімшілік жаза қ о л д а н у ғ а :

1) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның басшысы және оның

орынбасарлары – жеке тұлғаларға және лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

2) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органының басшысы, оның орынбасарлары – жеке және лауазымды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің қырыққа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

3) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның қалалық аумақтық органының басшысы – жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.

5. Мемлекеттік материалдық резерв саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға:

азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының басшысы және оның орынбасарлары – лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.»;

9) 553 - бап алып тасталсын;

10) 636 - бапта:

1) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның (229, 231 (екінші бөліктер), 233, 314, 317-1 (өрт және жарылыс қаупі бөлігінде машиналар мен жабдықтарға, химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарының бұзылуы бойынша), 356-баптар);»;

1-тармақтың 1) тармақшасының «мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының (231 (екінші бөлігі), 233, 312-1, 356-баптар);» деген жиырма бірінші абзацы алып тасталсын.

2. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 16, 140-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 27-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар, № 15, 97-құжат):

1) 63-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ормандарды өрттен қорғау жөніндегі іс-шаралар азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша уәкілетті орган бекіткен, ормандағы өрт қауіпсіздігі қағидаларымен регламенттеледі.»;

2) 64-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Орман шаруашылығы объектілеріндегі мемлекеттік өрт қадағалау азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның уәкілетті органының және (немесе) тиісті облыстың облыстық атқарушы органның жасаған келісімімен регламенттеледі.».

3. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 17, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; №

2, 18-құжат; № 19, 147-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 15-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 14, 92-құжат, № 15, 97-құжат):

1) 10-баптың 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жер қойнауын геологиялық зерттеу, барлау және кешенді игеру, жер асты сулары мен жер асты имараттарын судың зиянды әсерінен қорғау саласында туындайтын қатынастар жер қойнауы режиміне бағындырылады және осы Кодекстің 66-бабының 3 және 4-тармақтарын қоспағанда, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану, азаматтық қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының тиісті заңнамасымен реттеледі.

5. Су объектілеріндегі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою мәселелері бойынша туындайтын қатынастар Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасымен реттеледі.»;

2) 32-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Меншік иеленушілердің су шаруашылығы құрылыстары жұмыстарының техникалық жай-күйімен режимін сақтауын бақылауды су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган қауіпті өндірістік объектілердің гидротехникалық құрылыстарына қадағалауды жүзеге асырады.»

3 . 49 - б а п т а :

1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын;

«4) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган;»;

3-тармақтың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қоршаған ортаны қорғау, азаматтық қорғау саласындағы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, ветеринария саласындағы уәкілетті органдар, карантиндік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган және жергілікті атқарушы органдар: . » ;

4) 54 - б а п т а :

1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын;

«4) су шаруашылығы және өнеркәсіптік құрылыстардың азаматтық қорғау талаптарына сәйкестігіне мемлекеттік сараптама;»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын;

«5) су шаруашылығы және өнеркәсіптік құрылыстардың азаматтық қорғау талаптарына сәйкестігіне мемлекеттік сараптаманы азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.»;

5) 55-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«55-бап. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын

пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар

1. Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да объектілерді (ғимараттарды, құрылыстарды, олардың кешендерін, коммуникацияларды) орналастыру экологиялық талаптар, жер қойнауын қорғау, санитариялық-эпидемиологиялық, азаматтық қорғау, су ресурстарын ұдайы молайту және ұтымды пайдалану шарттары мен қағидалары сақтала отырып, сондай-ақ аталған объектілер қызметінің экологиялық салдары ескеріле отырып жүргізіледі.

2. Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салу, реконструкциялау (кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, қайта бейіндеу), пайдалану, консервациялау, тарату (кейіннен кәдеге жарату) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның және азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік органның оң қорытындысы болған жағдайда жүзеге асырылады.

3. Құрылыс жұмыстарын орындау кезінде жерлерді қайта өңдеу, су ресурстарын ұдайы молайту мен ұтымды пайдалану, аумақтарды абаттандыру және қоршаған ортаны сауықтыру жөнінде шаралар қолданылады.»;

6) 7 2 - б а п т а :

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14) су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарында азаматтық қорғау т а л а б ы н с а қ т а у ғ а ; » ;

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«16) барлық авариялық жағдайлар мен су пайдаланудың технологиялық режимінің бұзылуы туралы азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарына және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына дереу хабарлауға, сондай-ақ су объектілеріне зиян келтірілуін болғызбау жөнінде шаралар қолдануға;»;

7) 84-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жер үсті және жер асты суларын экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сай жағдайда ұстау қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша уәкілетті орган белгілеген су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлер нормативтерінің сақталуымен қамтамасыз етіледі.»;

8) 104-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Су объектілерін және су шаруашылығы құрылыстарын гидроэнергетика үшін пайдалану уәкілетті органмен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен, ал сел қаупі бар аудандарда - азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісім

бойынша экономиканың басқа салаларының мүдделерін, суларды кешенді пайдалану және оларды қорғау талаптарының сақталуын ескере отырып, арнайы су пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.»;

9) 106-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы баптың 1-тармағында көзделген мақсаттар үшін су алу орындарын (пирстер, кіреберістер, жарық көрсеткіштері) таңдауды, оны жайластыруды уәкілетті орган және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган қоятын шарттарды сақтай отырып, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарымен келісім бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асыруға тиіс.»;

10) 116-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары уәкілетті органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органмен, ал сел қаупі бар аудандарда - қосымша азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісіліп бекітілген жобалық құжаттама негізінде белгілейді.»;

11) 120-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Егер жеке және заңды тұлғалар бұрғылау және басқа да тау-кен жұмыстарын жүргізу кезінде суы бар жиектерді ашса, олар өздігінен төгілетін және барлау ұнғымаларын реттеуші құрылғылармен және бақылау құралдарымен жабдықтауға, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген жобалық құжаттамаға сәйкес жер асты суларын қорғау жөніндегі басқа да шараларды қолдануға міндетті.»;

12) 122-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Шағын су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері шегінде ортақ су пайдалану режимін және шаруашылық қызметті жүзеге асыруды, сондай-ақ олардың ластануының, қоқыстануы мен сарқылуының алдын алу және жою жөніндегі шараларды облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен, ал сел қаупі бар аймақтарда - азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша белгілейді.»;

13) 125-баптың 3-тармағының екінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ықтимал сел қаупі бар су объектілеріндегі нақ осындай қызмет азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен, ал кемелер жүретін су объектілерінде ішкі су көлігі

саласындағы уәкілетті органмен келісіледі.».

4. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 1, 1-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар;

№ 15, 97-құжат);
1) 18-бапта:

1-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган;»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Арнайы уәкілетті мемлекеттік органдардың құзыреті Қазақстан Республикасының Жер, Су және Орман кодекстерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы, мұнай туралы, жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану туралы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және қоғамдық денсаулықты қорғау саласындағы, азаматтық қорғау, ветеринария, өсімдіктерді қорғау мен олардың карантині, атом энергиясын пайдалану және радиациялық қауіпсіздік туралы заңдарында белгіленеді.»;

2) 112-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган;»;

3) 174-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Комиссияның құрамына жергілікті өкілді органдардың депутаттары, қоршаған ортаны қорғау, білім беру, ғылым және ғылыми-техникалық қызмет, денсаулық сақтау, индустрия және сауда, энергетика және минералдық ресурстар, ауыл шаруашылығы, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау салаларындағы, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарының өкілдері және басқа да мүдделі жеке және заңды тұлғалар кіреді.»;

4) 199-1-баптың 2-тармағының екінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл ретте өткізілген (әкелінген), экологиялық қауіпті деп танылған техника мен жабдық осы Кодексте, Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, азаматтық қорғау салаларындағы және техникалық реттеу туралы заңнамасында белгіленген талаптар сақтала отырып жойылуға, кәдеге жаратылуға немесе қайта өңделуге немесе Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге әкетілуге тиіс.»;

5) 220-бапта:

1-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) жану мүмкіндігін немесе адамдардың улану ықтималдығын болғызбау

мақсатында пиррофорлық шөгінділер, шлам мен кернді көму жобаға сәйкес және қоршаған ортаны қорғау, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың, санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органы мен жергілікті атқарушы органдардың келісімі бойынша жүргізілуі тиіс;»;

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы, жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген жерасты су объектілеріне зиянды әсер етудің жол берілетін шекті нормативтерін сақтауға;»;

6) 221-баптың 13-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаны қорғау саласындағы, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органдармен, санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органымен және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген жер асты сулары объектілеріне зиянды әсер етудің жол берілетін шекті нормативтерін сақтауға міндетті.»;

7) 224-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды орналастыру қоршаған ортаны қорғаудың, жер қойнауын қорғаудың, санитариялық-эпидемиологиялық, азаматтық қорғау, су ресурстарын молайту мен ұтымды пайдаланудың талаптары мен қағидаларын сақтай отырып, сондай-ақ аталған объектілер қызметінің экологиялық салдарлары ескеріле отырып жүргізіледі.

4. Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды салу, реконструкциялау, пайдалану, консервациялау, жою, қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органының оң қорытындылары болған кезде жүзеге асырылады.»;

8) 238-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«238-бап. Қамыстарды шабу мен құрғақ өсімдіктерді өртеу кезіндегі экологиялық талаптар

Қамыстарды шабу мен құрғақ өсімдіктерді немесе оның қалдықтарын өртеуге жабайы фаунаның сақталуы жөніндегі іс-шаралар әзірлене отырып, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мен азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның тиісті рұқсаттарына сәйкес шаруашылыққа қажетті жағдайда ғана жол беріледі.»;

9) 262-баптың 12-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Кез келген құрылыс және өзге де жұмыс түрлерін жүргізген кезде судың терең

қабаты мен теңіз түбінде жару жұмыстарын пайдалануға тыйым салынады. Теңіз түбіндегі жару жұмыстары қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану мен қорғау, азаматтық қорғау салаларындағы және жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдардың рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.».

5. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 24, 146, 148-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 6, 45-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат) :

1) 256-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Әскери қызметтегі адамдарға Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінде, әскери қарсы барлау және әскери полиция органдарында, Республикалық ұланда, Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлерінде және әскери-тергеу органдарында, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның азаматтық қорғанысты басқару органдары мен бөлімдерінде және әскери прокуратура органдарында әскери қызмет өткеріп жүрген адамдар жатады.» ;

2) 323-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қауіпті өнеркәсіп объектілерінде болған жазатайым оқиғалар кезінде азаматтық қорғау саласындағы аумақтық бөлімшелерге;»;

3) 325-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қауіпті өнеркәсіп объектілерінде болған жазатайым оқиғалар кезінде комиссия құрамына азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік инспектор кіреді.

Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде болған жазатайым оқиғалар кезінде азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік инспектор арнайы тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның төрағасы болып тағайындалады. Бұл жағдайда мемлекеттік еңбек инспекторы комиссия мүшесі болып табылады.».

6. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; №15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат) ;

1) 53-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының оныншы абзацы мынадай редакцияда

ж а з ы л с ы н :

«азаматтық қорғау саласындағы қызметті ұйымдастыру;».

7. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат, № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 94-құжаттар, № 15, 97-құжат):

1) 66-баптың 2-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган сатып алушылар бөлігінде жазып берген, мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар шығару құжаттары;»;

2) 256-баптың 2-тармағы 11) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда

ж а з ы л с ы н :

«11) осы тармақшаның ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган жазып берген мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды шығаруға арналған құжатта көрсетілген салық сомасы;»;

3) 270-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Кодекстің 256-бабы 2-тармағының 11) тармақшасында көзделген жағдайларда, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімде және нысан бойынша оларға мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды шығаруға жазылған құжаттардың тізілімін табыс етеді.»;

4) 278-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Кодекстің 279-бабының 5) 7) тармақшаларында аталған тәркіленген, иесіз, мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен және Қазақстан Республикасының аумағында мемлекет меншігіне өтеусіз берілген акцизделетін тауарларды өткізуді жүзеге асыратын, мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын салуды және шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар акциздерді төлеушілер болып табылмайды.».

8. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 20-21, 89-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 32-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149, 152-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21-

құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 12, 83-құжат; № 14, 92, 95 - құжаттар, № 15, 97 - құжат):

1) 12-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Апаттар медицинасы саласында Мемлекеттік денсаулық сақтау органдары мен ұйымдарын үйлестіруді және олардың өзара іс-қимылын азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.»;

2) 33-баптың 2-тармағының 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) инфекциялық аурулар, уланулар, айналадағыларға қауіп төндіретін психикалық және мінез-құлықтың бұзылу (аурулар) жағдайлары туралы - уәкілетті органға, төтенше жағдайлардың медициналық-санитариялық салдарының пайда болу қатері және (немесе) пайда болуы туралы - азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, жаңа алған жарақаттар, жаралар, криминалдық аботтар бойынша келіп көрінген адамдар туралы мәліметтерді, айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың жағдайлары туралы ішкі істер органдарына хабарлауды қамтамасыз етуге міндетті.».

9. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86, 87-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114, 124-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 2, 28-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 21-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92-құжат):

31-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 24) тармақшамен толықтырылсын:

«24) халық пен аумақтарды төтенше жағдайлардан қорғау жөніндегі шаралар кешенін жоспарлау және жүзеге асыру.».

10. «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 13-14, 175-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; 2003 ж., № 23, 168-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 17, 139-құжат; 2008 ж., № 13-14, 57-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97 - құжат):

26-баптың 5-тармағының бірінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар уәкілетті орган мен азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, сондай-ақ туристің отбасына саяхат кезінде туристің төтенше жағдайға ұшырағаны туралы білген немесе білуге тиіс кезден бастап дереу х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .».

11. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 21, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат):

1) 29-баптың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі (мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет, мемлекеттік экологиялық сараптама, өнеркәсіптік қауіпсіздік) саласындағы мемлекеттік қадағалау органдарының н о р м а т и в т і к қ ұ ж а т т а р ы н а ;» ;

2) 31-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында – азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті о р г а н д ы ;» ;

12. «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 2, 16-құжат; 2004 ж., № 20, 116-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 11, 36-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95, 96-құжаттар; № 15, 97-құжат):

51-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) суға батқан мүліктің меншік иесі анықталмаса, адамдардың өліміне, олардың денсаулығына, қоршаған орта мен шаруашылық жүргізу объектілеріне нұқсан келтіруге, халықтың едәуір материалдық ысырапқа ұшыратуына және тіршілік жағдайларының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін аварияларды, зілзалаларды немесе апаттарды болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес суға батқан мүлікті шығарып алуға және қажет болған жағдайда оны аластауға немесе жоюға құқығы бар.».

13. «Төтенше жағдай туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж.,

№ 3, 18-құжат; 2006 ж., № 2, 14-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат):

1) 13-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) өз өкілеттігі шегінде төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде барлық жеке және заңды тұлғалардың, лауазымды адамдардың, сондай-ақ ішкі істер органдары, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері, төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерлерде орналасқан (дислокацияланған) және төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін қосымша тартылатын әскери құралымдар бастықтарының (командирлерінің) тиісті аумақта орындауына міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады;»;

2) 14-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның және басқа да мемлекеттік органдардың күштері мен құралдары пайдаланылады.».

14. «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 5, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 16, 100-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 91-құжат; №15, 97 - құжат) :

1) 4 - 1 - б а п т а :

4-1-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мен азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның ұсынуы бойынша қолайсыз табиғат құбылыстарын айқындаудың өлшемдері мен сипаттамаларын бекітеді;»;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) гидрометеорология қызметі органының және (немесе) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның қолайсыз табиғат құбылысы фактісін растайтын анықтамасының үлгі нысанын бекітеді;»;

2) 10-баптың 2-тармағының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«гидрометеорологиялық қызмет органы және (немесе) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның қолайсыз табиғат құбылысы фактісін растайтын анықтамасы;» ;

3) 15-баптың 2-тармағының сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«ұзақ мерзімді табиғат құбылысы кезінде - гидрометеорологиялық қызмет органының және (немесе) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның өз құзыреттеріне сәйкес осындай құбылыс фактісін растайтын анықтамасы болған жағдайда, оның егістерге әсері анықталғаннан кейін он жұмыс күні ішінде өтініш беруге;» ;

4) 16-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«16-1-бап. Гидрометеорологиялық қызмет органының және (немесе) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның құқықтары мен міндеттері

1. Гидрометеорологиялық қызмет органының және (немесе) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның даулы мәселелер туындаған жағдайда қолайсыз табиғат құбылысы фактісін растайтын анықтаманы дайындау кезінде қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшырауы болжанып отырған жерге барып, зерттеу жүргізуге қ ұ қ ы ғ ы б а р .

2. Гидрометеорологиялық қызмет органы және (немесе) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган қолайсыз табиғат құбылысының фактісін растайтын немесе растамайтын анықтаманы:

1) сақтанушыға - тегін, екі дана етіп, қысқа мерзімді құбылыс кезінде - күнтізбелік үш күн ішінде, ұзақ мерзімді құбылыс кезінде - күнтізбелік бес күн ішінде;

2) өзге де мүдделі тұлғаларға - белгіленген тәртіппен ресми жазбаша сұрау салу бойынша беруге міндетті.»

15. «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 14, 81-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146, 150-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; №11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 8, 63, 64-құжаттар; №14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат):

14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«14-бап. Төтенше жағдайды енгізуге негіз болатын төтенше жағдаяттар кезінде байланыс желілерін басқару

1. Төтенше жағдайды енгізуге негіз болатын төтенше жағдаяттар кезінде байланыс желілерін басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып, уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Төтенше жағдайды енгізуге негіз болатын төтенше жағдаяттар болған кезде, мемлекеттік органдардың, үкіметтік байланысты және жедел (медициналық, құқық қорғау, өрт сөндіру, авариялық) қызметті қоспағанда, байланыс желілері мен құралдарын басымдықпен пайдалануға, сондай-ақ олардың қызметін тоқтата тұруға қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Төтенше жағдайды енгізуге негіз болатын төтенше жағдаяттар кезінде байланыс операторларының байланыс желілері мен құралдары пайдаланылған кезде олардың шеккен шығындарын өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Байланыс желілері мен құралдарының иелері адамдар өмірінің теңіздегі, жердегі, ауадағы, ғарыш кеңістігіндегі қауіпсіздігіне, Қазақстан Республикасында қорғаныс,

қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау саласында шұғыл іс-шаралар жүргізуге қатысты барлық хабарламаларға, сондай-ақ төтенше жағдайлар туралы хабарламаларға абсолюттік басымдық беруге тиіс.».

16. «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы күштері туралы» 2005 жылғы 7 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 1-2, 1-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 5, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат):

1) 1-баптың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«11) басқа да әскерлер мен әскери құралымдар – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, әскери қарсы барлау және әскери полиция органдары, Республикалық ұлан, Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері және әскери тергеу органдары, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның басқару органдары мен азаматтық қорғаныс бөлімдері, әскери прокуратура органдары;»;

2) 19-баптың екінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жұмылдыру жарияланған жағдайда Қарулы Күштердің құрамына Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, Республикалық ұлан, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның басқару органдары мен азаматтық қорғаныс бөлімдері, жергілікті атқарушы органдардың аумақтық қорғанысының құралымдары және арнаулы құралымдар кіреді.»;

3) 29-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Соғыс жағдайы кезеңінде Қарулы Күштер, сондай-ақ оның құрамына кіретін Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, Республикалық ұлан, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның басқару органдары мен азаматтық қорғаныс бөлімдері және арнаулы құралымдар соғыс жағдайының жариялануына қарамастан, агрессияға тойтарыс беру жөнінде ұрыс қимылдары мен өзге де іс-қимылдарды жүргізе береді.».

17. «Әскери полиция органдары туралы» 2005 жылғы 21 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 5, 4-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 15-16, 73-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат):

7-баптың бірінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарының анықтау жүргізу бөлігіндегі өкілеттігі Республикалық ұланның, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның басқару органдары мен азаматтық қорғаныс бөлімдерінің әскери қызметшілеріне әскери бөлімдердің аумағынан тыс жерлерде қ о л д а н ы л а д ы . » .

18. «Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж.,

№ 17, 134-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат):

6-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган;».

19. «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 137-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 97-құжат):

4-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган».

20. «Босқындар туралы» 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 23, 116-құжат; 2010 ж., № 24, 149-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат):

7-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне босқындарға көмек көрсету үшін мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды заңнамада белгіленген тәртіппен шығару туралы ұсыныстарды ұсынады;

2) босқындарды қабылдауға арналған шатырлық лагерлерді жайластыруда, стационарлық лагерлерді дайындауда жергілікті атқарушы органдарға жәрдем көрсетеді;

3) босқындарды қабылдауға арналған шатырлық және стационарлық лагерлерде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

4) осы Заңда, өзге де заңдарда, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.».

21. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 12, 60-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 4, 30-құжат; № 6, 46-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 80-құжат; № 15, 97-құжат):

1) 91-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Мұнай және мұнай өнімдерінің төгілуін жоюға арналған арнайы жабдық азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органда есепке қойылуы тиіс.»;

2) 93-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Теңізде және ішкі су айдындарында көмірсутектерін бұрғылау, өндіру, дайындау және тасымалдау жөніндегі жұмыстарды жүргізу мұнай және мұнай өнімдерінің төгілімін жоюға арналған жеке құралым, арнайы жабдық пен техника және /немесе мұнай төгілімін жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдармен шарт болған жағдайда жүзеге асырылуы тиіс.».

22. «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 4-құжат; № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 5, 41-құжат; № 8, 64-құжат):

15-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

«Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне төтенше және соғыс жағдайындағы іс-қимыл жасау кезеңде атыс қаруын және арнаулы құралдарды алып жүру, сақтау және қолдану құқығы беріледі. Атыс қаруын және арнаулы құралдарды қолдану тәртібі осы Заңмен айқындалады.»

23. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат):

1) 5-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы», «Азаматтық қорғаныс туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық мүлкін, арнайы экономикалық аймақтың мемлекеттік мүлкін, мемлекеттік материалдық резервті басқару жөніндегі қатынастарға қолданылады.»;

2) 11-баптың 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«15) жұмылдыру мұқтаждары, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі бірінші кезектегі шараларды қолдану, нарыққа реттеушілік ықпал ететін гуманитарлық көмек көрсету және босқындарға көмек көрсету үшін мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын пайдалану туралы шешім қабылдайды;»;

3) 81-баптың 10-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау шарты негізінде мемлекеттік материалдық резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымдарында немесе сақтау пункттерінде (мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтауды және оларға қызметтер көрсетуді шарт негізінде жүзеге асыратын заңды тұлғаларда) сақталады.»;

4) 91-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Төтенше жағдайлардың алдын алу және салдарын жою, босқындарға көмек көрсету, гуманитарлық көмек көрсету кезінде пайдаланылған мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары бюджет қаражаты есебінен өтелуге жатады.»;

5) 1 3 4 - б а п т а :

2-тармақтың 22) тармақшасындағы «автоматтандыру саласында жүзеге асырады» деген сөздер «автоматтандыру;» деген сөзбен ауыстырылып, тармақ мынадай мазмұндағы 23) тармақшамен толықтырылсын:

«23) төтенше және авариялық жағдайларда жүргізілетін тау-кен құтқару, атқыламаға қарсы, газдан құтқару, алдын алу жұмыстарын, сондай-ақ өрттерді сөндірумен және алғашқы медициналық көмек көрсетумен байланысты жұмыстарын және басқа да авариялық-құтқару жұмыстарын орындау.»;

3-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын.

24. «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 2011 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 13, 113-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 11, 80-құжат; № 15, 97-құжат):

13-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мұнай өнімдерін өңдеу, тасымалдау және бөлу жөніндегі объектілерді жобалау мен салу кезінде Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы, азаматтық қорғау туралы заңнамасының талаптары сақталуға және төтенше жағдайлардың туындау қаупі ескерілуге тиіс.».

25. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 1, 3-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 14, 94 - құжат) :

15-баптың 1-тармағының 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«17) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган – табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, азаматтық қорғаныс, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту, азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуі мен одан әрі дамуын қамтамасыз ету, өрттің алдын алу мен сөндіруді ұйымдастыру саласындағы салааралық үйлестіру саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;».

2-бап. Осы Заң 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағының 2) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ